

PLITONIT

КӘСІПҚОЙ БОЛУ ОҢАЙ



PLITONIT ГидроСлой – сыртқы мен ішкі жұмыстарға арналған цемент негізіндегі гидрооқшаулағыш құрғақ қоспа



Өнім жер асты суларының, жаңбыр суларының әсерінен бетоннан, темірбетоннан, кірпіштен жасалған тік және көлденең конструкцияларды гидрооқшаулағыш қорғауға және жөндеуге арналған және суда қызмет ету кезінде конструкция арқылы ылғалдың сүзілуін болдырмайды. Қатты жабынды құрайды және жертөлелерді, астыңғы қабаттарды, бассейндерді, ванна бөлмелерін, төсеніштерді, іргетастарды және деформациялық жүктемелерге ұшырамайтын басқа бөлмелерді гидрооқшаулау үшін ұсынылады.

Өнімнің ауыз сумен жанасуына ГСЭН органдарының рұқсаты бар. Бір рет жаққандағы қабаттың ұсынылатын қалыңдығы: 2-5 мм. Пайдалану барысындағы беттің температурасы -20°C-тан +70°C-қа дейін

Қаптама - 20 кг, 5 кг.

- Қолданылуы әмбебап
- Аязға төзімділігі
- Негізбен жоғары адгезия
- Сызаттарға жоғары төзімділік және беріктік
- Тіпті жұқа қабаттарда «қысымға» және «жұлуға» жоғары су өткізбеушілік

Материалды тұтыну шығысы

Қалыңдығы 1 мм қабатқа 1,4-1,6 кг/м²

Жұмысты жүргізу шарттары

Жұмысты орындау кезінде және келесі 3 тәулікте ауа мен негіздің температурасы +5 °C-тан + 30 °C-қа дейін болуы керек. Жұмыс кезінде ерітінді қоспасының температурасы +10 °C-тан + 30 °C-қа дейін болуы керек. Сыртқы жұмыстарды орындау кезінде беті атмосфералық жауын-шашыннан және тікелей күн сәулесінен қорғалуы керек.

Негізді дайындау

Жұмыс кезінде судың ағып кетуі және оны конструкция арқылы сүзгілеу жағдайында су ағынын уақытша жою шараларын қолдану қажет (кемінде 2 тәулік). Беткі қабат шаңнан, кірден, өсімдік майларынан, майлардан, цемент сүтінен және материалдың негізге адгезиясын нашарлататын басқа бөлшектерден тазартылуы керек. Бетінің беріктік сипаттамалары тиісті нормативтік талаптарға сай болуы керек. Кедір-бұдыр және қираған жерлерді нұсқаулыққа сәйкес ПЛИТОНИТ РемСостав көмегімен жөндеу керек. Су сіңіргіштігі жоғары негіздерді ПЛИТОНИТ Грунт 1 астарымен өндеу. Ерітіндіні қолданар алдында құрғақ, астарланбаған бетті алдын ала ылғалдандыру ұсынылады.

Ерітінді қоспасын дайындау

Құрғақ қоспаны араластыру үшін ауыз су құбырынан суды пайдаланыңыз. Араластырудағы ара қатынас: құрғақ қоспаның 1 кг-ына 0,19-0,22 л су қажет (20 кг қапқа – 3,8-4,4л). Құрғақ қоспаны бөлме температурасында алдын ала өлшенген суға қосып, электр араластырғыштың немесе қондырмасы бар электр бұрғысының (айналу жылдамдығы 600 айн/мин) көмегімен біртекті консистенция алынғанша 3 минут араластырыңыз. Дайын ерітінді қоспасын қолдану уақыты 45 минуттан артық емес.

Жұмыс тәртібі

Дайын ерітінді қоспасын консистенциясына байланысты шпательмен , күрекшемен немесе жаққышпен жағыңыз. Гидроқшаулағыш жабынды жағу бойынша жұмысты үздіксіз, суық жіктердің түзілуінсіз жасау керек. 2 сағатқа дейінгі үзіліс кезінде жағылған қоспаны бетке қатысты перпендикулярлы кесіп, скотчпен жабыстыру және ылғалды материалмен жабу. Көп қабатты гидроқшаулағыш жабынды жасау кезінде әрбір келесі қабатты алдыңғысы кепкеннен кейін жағу керек (шамамен 24 сағаттан кейін) .

Назар аударыңыз

Жағылған ерітінді қоспасын жылдам кебуден (тікелей күн сәулесі, жел мен т.б. әсерінен)сақтау керек. Бұл үшін оны полиэтилен үлдірімен немесе фольгамен жауып, 3 тәулік ішінде ылғалдандыру қажет. Көрсетілген уақыт сипаттамалары қоршаған ортаның температурасы $20\pm 2^{\circ}\text{C}$, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы $60\pm 10\%$ болғанда жарамды және басқа температура мен ылғалдылық жағдайында өзгеруі мүмкін. Жұмыстарды орындау кезінде сіз жалпы құрылыс жұмыстарын жүргізу нұсқауларын және құрылыстағы қауіпсіздік шараларын басшылыққа алуыңыз керек. Негізгі жұмысты бастамас бұрын, максималды қабат қалыңдығындағы беттің ең қиын жерлеріне сынақ сылауын ($\sim 1 \text{ м}^2$) жүргізу ұсынылады. Жұмыс барысында ерітінді қоспасын мезгіл-мезгіл араластыру ұсынылады. Кейінгі әрлеу жұмыстары беткі ақаулардың жоқтығын және суды сүзгілеуді тексергеннен кейін (шамамен 3 тәуліктен кейін) жүргізілуі керек. Егер ақаулар анықталса (қабаттасу, судың сүзілуі) бұл жерлерді ашып, жұмысты қайталау керек.

Сақтық шаралары

Қоспа ГОСТ 12.1.007 бойынша 4 қауіптілік класына (қауіптілігі төмен заттар) жатады. Жұмысты орындау кезінде қолғапты, қорғаныс көзілдірігін және тыныс алу мүшелерін қорғау құралдарын пайдаланыңыз. Қоспаны теріге және көзге тигізбеңіз. Көзге тиген жағдайда дереу көп мөлшерде сумен шайыңыз. БАЛАЛАРДАН ҚОРҒАҢЫЗ.

Тасымалдау және сақтау шарттары

Қоспаны жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көліктерде тасымалдау керек. Құрғақ қоспасы бар қаптарды қаптаманың сақталуын және ылғалдан қорғауды қамтамасыз ететін жабық, құрғақ бөлмелерде сақтау керек. Өндірушінің ыдысында сақтау мерзімі – өндіру күнінен 12 ай.

Құрамы

Құм, портландцемент, түрлендіруші және гидрофобтандырғыш қосымшалар, микроталшықтар.

Өндірушінің кепілдігі

Өндіруші тұтынушы тасымалдау, сақтау шарттарын және осы нұсқаулықтың нұсқауларын орындаған жағдайда қоспаның ГОСТ 31357 және ТУ 5745-105-515521552014 талаптарына сәйкестігіне кепілдік

береді. Өндіруші материалмен жұмыс технологиясын сақтамағаны үшін жауапты емес, сондай-ақ оны осы нұсқаулықта көзделмеген мақсаттар мен шарттарда пайдалану үшін жауапты емес. ГОСТ 8.579-2001 сәйкес нетто массасынан ауытқу. Өнімді азаматтық құрылыстың барлық түрлерінде қолдануға рұқсат етіледі (Aeff<370 Бк/кг, SanPin 2.6.1.25.23–09 бойынша материалдардың I класы «Радиациялық қауіпсіздіктің нормалары (NRB-99/2009)»).

Техникалық сипаттамалар

Құрғақ күйдегі қоспа үшін	
Толтырғыштың максималды ірілігі	0,63 мм
Араластыруға кететін су шығыны:	
• 1 кг-ға	0,18-0,22 л
• Қапқа 20 кг	3,6-4,4 л
Қолданысқа дайын қоспа үшін	
Дайын ерітінді қоспасын қолдану уақыты	45 минуттан артық емес
Қатайған ерітінді үшін	
Қысуға төзімділік бойынша маркасы	M350
28 тәуліктен кейін ерітіндінің бетонмен жабысу беріктігі:	
– Құрғақ сақтаудан кейін	1 МП-дан кем емес
– Сулы сақтаудан кейін	1 МП-дан кем емес
Аязға төзімділігі бойынша ертіндінің маркасы	F100
Судың тікелей қысымы кезіндегі су өткізбеушіліктің маркасы	W20*
Судың кері қысымы кезіндегі су өткізбеушіліктің маркасы	W12*
Пайдалану температурасы	-20°С-тан +70°С-қа дейін
Ауыз сумен байланыс	Рұқсат етіледі
Табиғи радионуклидтердің үлестік нәтижелі белсенділігі	370 Бк/кг-нан артық емес

*11.02.2021 жылғы №201 сынақтар хаттамасы И ООО НИЦ «СТРОИТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МАТЕРИАЛОВ»

Маңызды кеңестер

Бассейндерді, құдықтарды, жертөлелерді, суға арналған резервуарларды және жоғары су қысымына ұшырайтын басқа нысандарды гидрооқшаулау үшін ПЛИТОНИТ ГидроЭласт 2К икемді екі компонентті гидрооқшаулағышты пайдалануды ұсынамыз. Қаптаманың астына жіксіз гидрооқшаулауды орнату үшін ПЛИТОНИТ ГидроЭласт полимерлі гидрооқшаулауды қолданыңыз, ол душтарға, оның ішінде табандығы жоқ, ванна бөлмелері және басқа да ылғалды бөлмелерге жарамды және балкондарды гидрооқшаулау үшін пайдалануға болады.

20 кг қап үшін логистикалық ақпарат

Жеке штрих-код 4607013043855

Паллеттегі қап саны – 48 д.

5 кг пакеті үшін логистикалық ақпарат

Жеке штрих-код 4607013045743

Топтық штрих-код 14607013045740

Жәшіктегі пакет саны – 3 д.

Паллеттегі пакеттер саны – 168 д.